

Инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылу мерзімдерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 шілдедегі N 687 Қаулысы

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңының 14-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ферроқорытпа (ферроникель) өндіру жөніндегі металлургия зауытын салу және пайдалану" инвестициялық жобасы бойынша "Музбель" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілетін инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылуының мынадай мерзімдері белгіленсін:

корпоративтік табыс салығы бойынша - инвестициялық жоба шеңберінде тіркелген активтер пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап бес жыл;

мүлікке салынатын салық бойынша - инвестициялық жоба шеңберінде тіркелген активтер пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап бес жыл;

жер салығы бойынша - инвестициялық жоба шеңберінде тіркелген активтер пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап бес жыл.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі